

Д. Мәсімханұлы<sup>1\*</sup>  
А. Әбиденқызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

\*Корреспонденция үшін автор: masimkan-63@mail.ru

## Алаш азаттық идеясының Шығыс Түркістан қазақтарына таралуы

---

**Аннотация.** Алаш идеясы – мемлекетіміздің дамуы мен тарихи саясаттың басымдықтарын айқындайтын қазақ халқының рухани құндылығы болып табылады. КСРО-ның құрылуы және одан кейінгі тополитарлық даму векторы Алаш ұлттық интеллигенциясының құдалауы мен құдалауына себепші болды. Құбын-сүргін саясатының нәтижесінде қазақ халқының ең жақсы ұлдарының көпшілігі тұтқындалды, атылды немесе лагерълерге жер аударылды. Оттаннан тыс жерлерге қашуға мәжбүр болды. Оnda олар шет елде, соның ішінде Қытайдагы Шыңжаң аумағында Алаштың прогрессивті идеяларын таратуды жалғастырды. Алаш идеясы бес жыл бойы (1944-1949) өмір сүрген Шығыс Түркістан тәуелсіз Республикасын құрруда маңызды рөл атқарды деп ойлаймыз.

Авторлар алаш идеяларының Шығыс Түркістан аумағында пайда болған сәтінен бастап эволюциясын, сондай-ақ Алаш идеологиясының ұлт-азаттық құрес ауқымына жағдайын таралуында ерекше рөл атқарған негізгі публицистикалық арналарды көрсетеді. Біріншіден, Бұл - «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінен, «Айқап» журналынан алғынган ақпарат. Екіншіден, бұлар тікелей –Алаш әмбраниттары, олар әмбраниттар ортасында Тауелсіздік идеяларын белсенді түрде таратуда. Үшіншіден, Алаш идеологиясында өскен жаңа үрпақ, Алаштың ізбасарлары, ақындар мен жазушылар.

Авторлар, 1949 жылы құрылған, ҚХР идеологиясының нәтижесінде кез-келген шетелдік диссиденттерді құyıп шыгарғанын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** КСРО; Қазақстан; Қытай; Шығыс Түркістан; Алаш; идея; әмбраниттар; адебиет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-135-2-26-34>

Тұсті: 05.05.2021 Жарияланымға рұқсат етілді: 20.05.2021

---

### Kіріспе

Алаш партиясы, Алаш идеясы, Алашұранды әдебиеті Кеңес Одағында қудаланғаннан кейін де, олардың ойы, олардың рухы мұлдем жойылған жоқ. Егер Қазақстанда бұл рух бүтінгі үрпаққа жеткен М.Әуезов пен оның шекірті Б. Кенжебаевқа берілсе, XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Алашұранды гүлдендеріп, тіпті жеміс әкелген топырақ Қытайдың бүтінгі

Шыңжан ауданы - кешегі Шығыс Түркістан республикасы болып табылады. «Бұл өнірде Алаш идеясы өз жемісін берді...» деп жоғарыда атағанымыздың себебі біздің мәлімдемеміз – ұлт-азаттық идеясы Шығыс Түркістанда Кеңес билігінен жан сауғалап барған алаштықтар арқылы кең таралды. Сол арқылы олар ондағы отандастарын және басқа да түркітілдес халықтарды оятып, оларға еркіндік пен бейбітшілік алып берді, бірақ Кремль жас Республиканы қапысын тауып

тұншықтырды... Халықтың ерекше назарынан басқа, Алашұранды әдебиеті Шығыс Түркістан қазақтарының әдебиет тарихында ең көрнекті орындардың бірін иеленді. Осы ақиқатты жеткізу үшін Қытайдағы қазақ әдебиетін қысқаша қарастырайық. 1864 жылдан бастап Қытай Цинь хандығы мен Ресей патшалығы қазақ даласын бөліп, бүкіл ұлтты екіге бөлді. Содан 1949 жылға дейін Қытай қазақтарына материктік Қытайдағы саяси билік айта қаларлықтай ықпал ете алмады. Сонымен қатар, қытайлар XX ғасырдың 20-50 жылдары Коммунистік партия мен Гоминъянда бөлініп алып, азаматтық соғыспен айналысты. Осылайша, Қытайдағы «байтал түгіл, бас қайғы» дәүірінде Шығыс Түркістандағы қазақтар (жалпы түркі халқы) осы кезеңді орайлы сәт деп біліп, еркін мемлекет құруға, азат ел құруға кірісті. Осы тұста Қазақстанда «Елім» дейтін алашшылдар мен ұлт патриоттары елді, жерді қорғауға және мүмкіндігінше ұлттық азаттыққа қол жеткізуға қам жасап, ұлт-азаттық қозғалысын және оған жетекшілік ететін саяси партия «Алаш» партиясын құрды. «Алаш» партиясын елдің әр түкпірінен келген байырғы қазақтар құрды, олар ұлттың ар-намысын, бостандығы мен теңдігін аңсады. Олар елінің шын зиялышы салауатымен отаршылдыққа, империализмге қарсы қурестің жетекшілері, сондай-ақ ұлт-азаттық қозғалысының теоретиктері бола білді. Олардың төрағасы Элихан Бекейханов болса, қозғалыстың жарқын, көрнекті мүшелері: Ахмет Байтурсынов, Міржақып Дулатов, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, М.Шоқай, Жақып Ақбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Ғаббасов, Мұхаметжан Тынышбаевтар болғанын тарихтан жақсы білеміз. Олардың басты мақсаты қазақ мемлекетін өзінің ұлттық автономиясын құру жолымен болса да отарлық езгіден құтқару болды. Бұл жағдай өз кезегінде қытайдың Чин билемешілерінің езгісі мен қорлауына төзбеген Шығыс Түркістан қазақтарына да шабыт силады, дем берді. Ондағы ағайындардың бұл тараңтағы қарекетіне о баста қытайдың Шығыс Түркістандағы билеушілері оларды

барынша жаншып тастауға тырысты. Осылайша «Алаш» партиясы құрылудың алды-артындағы қазақ оқығандарының қам-қарекеті, үтіт-насихаты, бағыт-бағдарламасы, мұрат-нысанасы, бір ауыз сөзбен айтқанда «Алаш идеясы», «ұлт-азаттық ұран» әр түрлі жолдармен Шығыс Түркістандағы ағайындар арасына жетіп жатты. Кейін, атап айтқанда XX ғасырдың 30-шы жылдарына келгенде, тек ««Алаш азаттық идеясы» ғана емес, көптеген Алаш арыстары шығыс Түркістанға қоныс аударды.

### Зерттеу әдістері

Мақалада негізделген теория әдісі қолданылып, мәліметтер негізінде жүргізілді. Жоғарыда айтып кеткендей, Шығыс Түркістандағы ағайындарға «Алаш азаттық идеялары» әр-түрлі жолдармен жеткен болатын, соның бастылары:

Біріншіден, Алаш «ұлт-азаттық ұраны» Шығыс Түркістан қазақтарының арасында таралды, олар егіз-екі бағытта “ұлттық-азаттық пен ұлттық ағартушылық” бағытта жұмыс жасады. XX ғасырдың басында Қазақ елінде шығарылған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің Қытайдағы қазақтар тығыз орналасқан Іле, Алтай, Тарбағатай аудандарына тұрақты түрде барып тұрғаны туралы деректер бар. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 қантардағы нөмірінде 1913 жылы «Қазақ» газетіне жазылған өнірлер туралы мәліметтер көлтіріледі. Онда: «бір қытай қазақтары 10 дана алды», деп көрсеткен. Осы газетте 1915 жылдың 9 наурызында бір автор «Көзі көрген» деген бүркеншік атпен «Шәуешек жайынан» атты мақала жариялады. Осы арқылы Шәуешек қаласының жалпы жағдайын «көруге» талпыныс жасай отырып, ол қаланың мәдени және ғылыми өмірін атап өтеді: «Шәуешекте сол кездегі Еуропада, Сібірде өмір сүргеннен кем емес. Бізде екі мұсылман мектебі және бір орыс мектебі бар... Қалада саятшылық болмаса да, әр үйлерде көптеген газеттер мен журналдар бар, олардың әрқайсысы тегін алып көруге болады. Сонымен қатар

Шәуешек үйінде неше тұрлі газет, журналдар бар – бұл басылымдар қай елдік? Сол күндері Шәуешек тұрғындары арасында орыстар мен татарлар орыс басылымдарына бір-ак рет келген, бірақ Қытай басылымдарын пайдаланбаған. Соңдықтан қоғам назарын аударатын жарияланымдардың көпшілігі «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы сияқты қазақстандық басылымдар болуы ықтимал. Тағы бір мысал – Іле облысы қазақтарының 1917 жылғы 17 наурыздағы «Қазақ» газетінде «Баспахана туралы» тақырыбымен жазған хат жария болған. Хатта былай делінген: «Қазақ» басшылығы Қытайдың басқаруымен Күнес елінің қазақтарына «Азамат» компаниясына 600 сом жібердік. Ойға алған істен бізде қапы қалмайық дедік. Алаш туының астында бізде бармыз. Шет жақатан қосылсақта, елім жерім деген қазақтар қосылады деген үммітеміз. Алты Алаштың басы бір аспан астында болып бір баспаханаға ие бола алмаса, қанша нөғайға құлқі болмаймыз ба? Егерде әр қазақтың бір баспаханасы болса, әр тұрлі газет-журнал басылып, қазақша мектептер ашылып, қазақша кітаптар көбейіп, көзіміз ашылар еді» делінген. Хаттың соңына «Мақсұт тәжі Сасанұлы, Молда Нұрбекұлы, Қасболат Байболатұлы, Шайырбек Сасанұлы, Рақым Ақылбекұлы, Жиенәлі Мейірманұлы» деп атаған кісілер қолдарын қойған. «Сарыарқа» газетінде 1918 жылдың 7 наурызында № 32 санында «Ұлт қазынасы» деген атпен Алтай баурайында Сарсұмбе қаласынан «Сарыарқа» газеті басқармасына мынадай хатты түсіп жарияланады: Қазақ халқы өз кезегінде автономды болады, дегенді біле отырып, қуанышмызды білдіреміз. Біздің халқымыз жақсы атпен өркендеуі үшін Алла бізге көмектессін. Қазақтар ұлттық қазынаны ашқаңдығын естіп, мұнда 800 сомдай ақша жинаған едік, енді біз ақшаны қайда жібереміз, мекен-жайыңызды көрсетініз. (Хат иесі) Мұғалім Нәсіpbай һәм Баймолла Қараке балалары». Алаш зияллыларының саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты, үлкен міндеті – ұлтты үйстыру, демек, осында орасан зор іс аясында ана тілін сақтау мәселесіде басым болды [1]. Қазақ руханиятының алтын дәуірін

тудырған, ел мен жердің тұтастығын ту етіп, қазақ халқының көзін ашып берген «Айқап» журналын ерекше атап өту керек [2, 123 б.].

Қытайдағы қазақтар арасында да «Айқап» журналына қол жетімділік туралы мәліметтер бар. Марқұм Нұрқасым Қазыбекұлы өзінің «Тасада қалған тарландар» (Алматы: «Білім», 2003) кітабында былай деп жазған: «Жабықбай Бұлғыншыұлы – Троицкіден «Айқап» журналын шығаруға тырысқандарға қаржылай көмек көрсетуді алғашқылардың бірі болып көзделген. Алайда Жабықбайдың мұндағы әрекеттері шектеулі болған. Шығу жолын табу үшін Суан Мұқа болыстың қызы Айша ханымды тоқалдыққа алуға бүйрек береді. Соңдықтан Мұқа болысқа қалып мал аудару сұлтауымен Қытайдағы «Айқап» журналына көмектеседі», – деп жазды ол. Жоғарыда аталған демеушілер «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа» басылымдарымен таныс деп сеніммен айтуда болады.

Екіншіден, «Алаш идеясымен» өскен, «ұлт-азаттық ұранды» ту еткен Алаш қайраткерлерінің Шығыс Түркістанға себеп тауып барып тұрғаны. Олардың басықастарында болған: Райымжан Мәрсековті, Ыбырайым Жайнақовты, Иса Тергеусізұлын, Зият Шәкірімұлын, Молдағали Бектұрұлын атап өткеніміз жөн және де, Қазақ елінен Шығыс Түркістанға барған алаштықтарды жалпылай айтқанда бұнымен шектелмейді. Мысалы, ел аузында есімдері аталып жүрген Фазез Қалманов, Төлеуғазы Абылайханов, Мырзахмет Оразалин секілді Шың Шицайдың қанды шенғеліне ілінген шейттеріміздің де енбегін тубіне дейін зерттеу ертеңгі күннің мақсаты. Осы жоғарыда есімдері көрсетілген Алаш арыстары Шығыс Түркістанда ағайындар жиі қоныстанған аймақтардан мектептер ашып, медреселер салып, ұлт-азаттық шенбериңдегі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырды. Солардың қатарында сол жердегі Әбей Құдышұлы, Ақыт қажы Улімжіұлы, Шәріпхан Көгедайұлы, Нұртаза Шалғынбаев, Таңжарық Жолдыұлы, Мақсұт Сасанұлы, Баймолда Қараке, Жабықбай Бұлғыншыұлы т.б. патриот, ұлтшыл, алаштықтармен бірлесіп, алаш-

азаттық үйымдарын құрып, ұлтты азат етудің қамына кірісе бастады. Сол үйымның бірі Құлжа қаласында құрылған «Алаш-азаттық үйымы». Үйым сол кезде жасырын жағдайда құрылып, жұмыс істегендіктен, халық арасында жүрген «Аталған үйымның құрметті басшысы – Әбеу Құдышұлы, төрағасы Мақсұт Сасанұлы, төрағаның орынбасары Райымжан Мәрсеков, хатшылары Таңжарық Жолдыұлы мен Ыбырайым Жайнақов болған, шаруашылық ісін Иса Тергеусізұлы басқарған» деген деректен басқа, қашан, қай уақытта құрылғаны, мақсат-мұраттары, қол астында қанша адамның болғаны, қандай іс-шаралар өткізіп, қалай үгіт-насихат жүргізгені туралы толық мәлімет жоқ. Бірақта аздаған деректер мен халық арасында тараған әңгімелердің өзі-ақ «үйымның болғанын» растайды. Дәлел ретінде Таңжарық ақынның «Ол да рас, құпия үйым құрганымыз...» деген өлең жолдарын көрсетіп, Алтай, Тарбағатай, Иле аймақтарынан, Үрімжі қаласынан «құпия үйымға қатысы бар» деген біраз адам тұтқынға алынып, Шың Шицай түрмесінде хайуандықпен бақылық болғанын атап айтты парыз. Сол «құпия үйымның» төрағасы боған, әрі «құрметті басшы» болып қызметтеп атқарған, Әбеу Құдышұлының өмірбаяны да біраз мәселенің шешімін көрсетеді. Әбеу Құдышұлы Мартыбаев 1901 жылы қазіргі КХР Шыңжаң өлкесіне қарасты Күнес ауданында дүниеге келіп, Қытайдағы қазақтардың ішінен әскери қайраткер, полиция генерал майоры қызметтерін атқарған. Алғашқы сауатын Алаштық жазушы-журналист Молдағали Бектүрғұлының Күнесте ашқан қазақ мектебінде оқыған. Мектепті аяқтаған соң, Үрімжідегі монгол-қазақ білім жүртін (1926) бітірген. Қытай, орыс тілдерінде еркін сөйлей білген. 1927 жылы өлкелік губернатор мекемесіне қызметке алынып, 1933 жылы Шыңжаң өлкелік қазақ-қырғыз мәдениет үйымын құруға етене араласқан. Сол уақытта өлкелік қоғам қауіпсіздігін қорғау (полиция) басқармасы бастығының орынбасары, өлкелік мәдениет және оқу-ағарту басқармасы бастығының орынбасары секілді қызметтер атқарған. 1934 жылы қазақ, үйғыр жастарын

Казақстанға, Өзбекстанға жіберіп оқыту жұмысының басында болған. 1936 жылы қаржы көзін өзі тауып, қажетті адамдардың басын қосып Үрімжіде қазақ тілінде газет шығарған. Жұыстарды біріктіре отырып өзі бас болып қазақ тілінде мектеп оқулықтарын құрастырып, қазақ театрының негізін қалайды. 1939 жылы Шыңжаң губернаторы Шың Шицайдың бүйірімен қамалып, 1941жылы түрмеде азаптап өлтірілген. Әбеу Құдышұлы түрмеде болғанда артынан ізделеп келген аға, туыс-бауырларына «құпия үйым құргандығын растайтынын, бұл қылмысын Шың Шицайдың кешірілмейтіндігін, өлтіретінін» айттып, олармен қоштасып кеткен. Тағы бір дерек көзін көргендердің айтуынша, Үрімші қаласындағы Шыңжаң қоғам қауіпсіздігі департаментінің архивінде «Таңжарық Жолдыұлының тергеу материалдарында» көрсетілген «құпия үйым» туралы толықтай жазылғаны айттылады. Сол архивке жолы түскен кісінің бірі, атақты таңжарықтанушы ғалым, жазушы марқұм Оразанбай Егеубаев ақсақал болатын. Ол кісімен кездесу барысында: «Таңжарық ақын жайлышы, сенің қайын атаң Әбеу Құдышұлы туралы нағыз шындық сөз енді жарық көреді, айттылады», – деп жан айқайымен боліскең еді. Бірақта, сүм ажал шындықты айтуга үлгерпей Оразанбай ақсақалды арамыздан алып кетті. Алайда, архивке жолдың түсүіне әлі де мүмкіндіктер бар деп өз басым санаймын, және де ойымды алаштануға қызығушылық танытып жүрген жас ақын Ербол Алшынбайға айтқан болатынын. Үміт сол жастарымызда.

Шініншіден, Шығыс Түркістандық ақындар мен жазушылар, зиялы қауым, еліміздің тұптамыры тұратын Қазақ еліне жиі келіп тұруы. Қытай мен Ресей қазақ даласын бөліп алып, ортасында қызыл сыйық жүргізсе де, ол қызыл сыйықтың шынайы шекаралық функциясын орындаі бастады. Бұған дейін «шекара» деген атау болмаса, ел екі жағынан сапырылысып, алмасып жатты. Нәтижесінде Қытайдағы қазақтар негізгі Қазақ мемлекетінен ресми түрде бөлініп қалғанына қарамастан, елмен байланысын ешқашан үзген емес. Әсіресе,

«елім-жұртый» деген Қытайдағы қазақ азаматтары XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстан халқынан рухани азық алу мақсатында шекара шетіне жіе келіп тұрған. Шығыс Түркістандағы қазақ-ұйғыр революционерлері әдебиеттің жауынгерлік сипатын көрсете отырып және оның ұлтшыл өкілдерін Гоминданға қарсы тұрудың және «азаттыққа, бостандыққа» қол жеткізудің тәсілі ретінде пайдаланды. Мұндай ұлттық ояну, ұлттық бостандыққа деген күшті ұмтылыс – мұның бәрі Шығыс Түркістан әдебиетіндегі ұлттық сананың оянуы мен ұлттық бостандыққа қол жеткізу тақырыбын байытты және күштейтті. Оңдағы Шәріпхан Қөгедай, Әбене Құдышұлы, Мұқаш сияқты мықты аудармашылардың күш-куаты арқасында XX ғасырдың басындағы қазақтың алашуранды әдебиетінің көрнекті үлгілері қауымға жеткізіліп отырылды. Сондай-ақ 1934-1936 Әбене Құдышұлы, Әсейін, Қалихан, Демесін, Қали, Құсайын секілді қазақ жастарын КСРО-ға оқуға жіберді [3, 24 б.].

## Талқылау

Үш ғасырдан астам уақыт бойы манжүрлердің тепкісінде, батыс елдерінің құлдық езгісінде өмір сүріп келе жатқан қытай еліне – қытайларға Ресейдегі қазан төңкерісінің женісі марксизм-ленинизмді алып келді. Сондай-ақ бірлі-жарымдаған қытай оқығандары туған халқын ояту мақсатымен батыс әдебиетінің, әсіресе, ресей-кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерін туған тілдеріне молынан аударды. Гете, Шекспир, Балзак, Толстой, Гоголь, Чехов т.б. шығармаларының қытай тіліне аударылуы, сол елдегі хаттанитын қауымның сана-сезімінің оянуына иті әсер еткені белгілі [4, 24 б.]. Ал аталған әлемдік классиктердің кеңестік Қазақстаннан барған қазақша-орысша нұсқалары, және Ішкі Қытайдан келген қытайша нұсқалары Шығыс Түркістандықтардың да көкірек көзін ашып, таным-талғамын өсіре түсті. Ресейдегі Қазан төңкерісінің женісі үш ғасырдан астам уақыт манжурлардың қамытында, батыс елдеріндегі құлдықтың қамытында өмір

сүрген қытайларға марксизм-ленинизмді әкелді.

Сондай-ақ 1930-1940 жылдарда қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері Лу-Шун, Го-Можо, May-Дун, Ай-Цинь т.б. секілді ақын-жазушыларының шығармалары да Шығыс Түркістанда ретімен аударыла бастады [5, 6 б.]. Қытай әдебиетіндегі ұлттық ояну, ұлт азаттығына ұмтылу идеялары қытайдағы қазақ әдебиетіне өз ықпалын тигізді. Екінші бір ақпараттық бұлақ, XX ғасырдың алғашқы жиырма жылды Қазақстанда Ә.Бекейханов, А.Байтұрынов, М.Шоқай, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауғұсов, Қ.Кеменгеров т.б. бастаған алаштықтардың ұлт-азаттығына қол жеткізу үшін жүргізген жұмыстарына толы болғаны белгілі. Ал Қазақстанда кеңестік қызыл империя орнағаннан кейін ұлт-азаттығына қол жеткізудің қолайлы мекені ретінде Шығыс Түркістан аймағы таңдал алынды да, жалпы ұлттық ұміт қана емес, құрес арнасы да солай аунады. Себебі сол кезде түркі халқы өмір сүретін бүкіл аймақ (Түркістан легионы) (Түркиядан басқа) Кеңес империясының темір құрсауына кірді. Ол кезде тек Шығыс Түркістан аймағығана тәуелсіз түрік мемлекетін құру үшін қолайлы жағдайға ие болды... Осылайша, XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Шығыс Түркістан Алаш көшбасшыларының жаппай азат ету тұжырымдамасы мен ұлттық азаттық идеясын қабылдай бастады. Солардың бірегейлері Молдағали Бектұрлин (Бектұров), Р.Мәсеков, Ы.Жайнақов, Зият Шәкәрімұлы бастаған Алаш партиясы азаматтары Шығыс Түркістанға көшіп келіп оңдағы халықтың ұлт-азаттық санасының тез өсуіне бастамалық етті. Нәтижесінде аймақтағы отаршылдыққа қарсы стихиялық көтеріліс саяси бірлік үшін саналы құрес арнасына ене бастады. Басқаша айтқанда, әскери, саяси және мәдени салаларда бірқатар шаралар қабылданды, тәуелсіз Шығыс Түркістан республикасын құру бойынша нақты қадамдар жасалды. Нәтижесінде, 1944 жылдың күзінде Шығыс Түркістан Республикасы ресми түрде құрылды, оның орталығы Құлжа қаласы болды.

Демек Алаш азаттық-идеясы Шығыс Түркістан Республикасын өмірге әкелді. Керек болса ол идея Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін де, тіпті 1950 жылдардың аяғына дейін ұлттық азаттық идеясы жағасып жатты. Осы уақытта Шығыс Түркістан қазақтары ішінен Ақыт қажы Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Жұсіпбек қожа Шаихсламұлы, Әсет Найманбай, Танжарық Жолдыңұлы, Шарғын Әлғазы, Нұртаза Шалғынбай, Дубек Шалғынбай, Асқар Татанай, Бұқара Тышқанбай, Мағаз Радзан, Құрманбай Толыбай, Құрманалы Оспан, Қаусылқан Қозыбай, Омарғазы Айтан т.б. ақын-жазушылардың ағартушылық, мәдени оятушылық бастамалары жүйелі болғанын атап айтудымыз керек. Олар 1930 жылдары, 1940 жылдардың аяғында, тіпті Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін де жұмыс осы бағытта жұмыс атқарды десек еш қателеспейміз. Қалай болғанда да, олардың тек ұлттық азаттық тақырыбы ғана емес, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Түркістан қазақтарының әдеби жағдайын сипаттау мүмкін емес. Ақын-жазушылардың бірі дін қайраткері, бірі әнші-композитор, бірі айтис ақыны, басқалары аудармашы, ақын-зерттеуші болғандықтан, олардың сауаттылығы әртүрлі болды. Мысалы, 1944 жылды Құлжа қаласынан тәуелсіз шығыс Түркістанның газетін шығаруға мұрындық болып, оның жауапты қызметін атқарған ақын Б.Тышқанбаев:

О, халайық, сүйінші,  
Газетің міне өзіңнің.

Қарасы мен ағындаі,  
Екі гаухар көзінің.

Ал, қолыңа, сағындың,  
Құлағың мен тілің бұл.  
Ашулансан қаһарың,

Ақыл айтсаң үнің бұл [6, 78 б.]

– деп жырлап, елін ендігі жерде ақпараттар ағынан қапы қалмауға шақырғаны жоғарыда көрсетілген ойымыздың айқын мысалы болмақ.

Сондай-ақ, Шығыс Түркістан қазақтарының ішіндегі Алаш азаттық бағытында еңбек

еткен ақын-жазушылардың тізімі жоғарыда аталғандармен ғана шектелмейді. Қытайдағы қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ақындар мен жазушылар әдебиеттің алдыңғы қатарына шыққан кезде, Қытайдағы «4-мамыр» қозғалысынан басталған Қытай халқының этноазиялық төнкерісі жаңа арнаға шықты. Атап айтқанда, Қытай революциясын Қытай пролетарлары және олардың саяси партиясы – Қытай Коммунистік партиясы басқарды. Бір кездері Коммунистік партияның Қызыл Армиясы Гоминданмен бірге жапон басқыншыларын қытай жерінен қуып шығарды. Содан кейін ҚКП өз өкілдерін Шығыс Түркістанға жіберді, онда олар марксизм-ленинизм мен Мао Цзэдунның идеяларын насиҳаттай бастады. Ал бір шетінен, Шығыс Түркістанға Сталин атынан жіберілген коммунистердің де саны аз емес еді. Ақыметжан Қасыми секілді комунистер Сарсұмбे, Шәуешек, Құлжа қалаларынан мәдени-агарту орталықтарын құрып [7, 223 б.], қазақ-ұйғырдың бетке ұстар жастарын қатарларына қосып, аз ғана уақыттың ішінде коммунистік бағыттағы қазақ зиялышарын тәрбиелеп шығарды. Оларға марксизм-ленинизм, Сталин, Мао Цзэдун, коммунистік интернационализм идеялары толықтай оқытылып отырды... Сонымен қатар, Шығыс Түркістан аумағында Кеңестік Қазақстан, Өзбекстан, Қыргызстанның мерзімді басылымдары, әдеби, саяси және ғылыми кітаптар үзілген жок. Ең бастысы, қазақ мектептерінде өтетін барлық оқулықтар кеңестік Қазақстаннан баратын еді. Сонымен қатар, Алматыда шығатын «Қазақ елі» газеті тұрақты түрде барып тұрды». [5, 66.]. Сонымен бірге, Шығыс Түркістанда Чан Кайши (Гоминдан) да, Коммунистік партия (Сталин, Мао Цзэдун) да үтіг жүргізгеніне қарамастан, жергілікті қазақ-ұйғырлардың бар арманы, мақсаты – «ұлттық азаттық, теңдік» еді.

## Нәтижелер

Уақыт өте келе ұлт көсемдері тұтқындалып, тұтас ұлт-азаттық идея кеңестік қызыл идеологияның табанында тапталды. Осы

кезде, әліде бостандықта жүрген Алаш арыстарының бір тобы ұлт-азаттығын жүзеге асырудың екінші бір қолайлы мекені ретінде Қытай қоластындағы Шығыс Түркістанды таңдап алды да, өздері де сонда барып, ұлт-азаттық идеясын жүйелі түрде насиҳаттай бастады. Соның нәтижесінде, бұрын ол өнірде тек стихиялық деңгейде өрістеп келген ұлт-азаттық көтерілістері бір ізге түсіп, мақсатты, кешенді ұлт-азаттық көтерілісіне айналды. Құрес нәтижесі ретінде ита кететін жағдай, Шығыс Түркістанның солтүстік өнірі Қытай отаршылдықтарынан толықтай азат болып, тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасы құрылды. Бұл зерттеуде осы тарихи барыс жанжақты қарастырылып, нақты дәйектермен бағымдалады. Зерттеу нәтижелерін қайта жазылатын Қазақстанның жаңа тарихына пайдалануға болады.

## Корытынды

1966 жылы ҚХР «Күн көсемі» «Мәдени революцияның» басталғанын жариялады. Қолына қалам алған қауымның барлығы, жер аударылып, еңбек лагерлеріне жіберілді, ал кейбіреулері көшеде тепкілеп өлтірілді. Әдебиет пен өнерге қатысты газеттер, журналдар, баспалар, білім беру және ғылыми орталықтар толығымен жабылды. Қысқасы, Кеңес дәүірінде «қазақ халқының ұлттық рухының тамырын кесу» үшін коммунистер алдымен осы қозғалыстың бастауында тұрған барлық Алаш басшыларын, олардың ізбасарларын жойып жібергені, содан кейін барлық тірі қалғандарын үнемі қорқытып, олардың кейбіреулерін түрмелерге қамағаны [8, 133 б.]» секілді, Қытайда да Алаш ұлт-азаттық идеяны ту етушілер, Шығыс Түркістан Республикасын құруға ат салысқандар жаппай қудалауға ұшырады.

Қазақ ауылдарында «Құран», қисса-дастаны, Кеңестік Қазақстанның кітаптары тіntіліп, тәркіленіп, өртенді. «Әу» деп шырқайтындар сойылға жығылды. Осылайша, 1 миллиард қытайлықпен бірге қазақтар да он жыл бойы «аузын буған өгіз» кейпінде өмір сүрді...

«Мәдени революция» аяқталғаннан кейін Қытайдағы қазақтар бұрынғыға қарағанда едәүір үлкен әдеби еркіндікке, рухани тынысқа ие болды деп айтуда болады. Түрмеде отырғандар босатылды. Тарымға барған (жұмысшылардың шығарылуын түзету лагері) тарландар оралды. Қаламнан бас тартып, қолына таяқ алғандар қалаға оралды. Осылайша қазақтар «ұлттық көзқарас, социалистік мазмұн» шеңберінде де әдебиет пен өнердің дамуына мүмкіндік ала бастады.

ҚХР жазушылар одағы Шынжан бөлімшесінің органы “Шұғыла” журналы қайта жаңдана бастады. Көп өтпей, Іле қазақ автономиялы облысы әдебиет-өнер бірлестігінің органы “Іле айдыны”, Алтайдан “Алтай аясы”, Тарбағатайдан “Тарбағатай” әдеби журналдары шығарылды. Пекиндегі орталық “Ұлттар” баспасы, Үрімжідегі “Халық” және “Жастар” баспасы, Күйтіндегі “Іле” баспасы әр жыл сайын қазақ тілінде көркем әдебиет кітаптарын басып шығара бастады. Қазақ фольклорын зерттеумен айналысады “Шалғын”, “Мұра” журналдары жарияға шығарылды. Осы аз ғана уақыттың ішінде ақын-жазушылардың көптеген прозалық, неше жүздеген жыр кітаптары оқырмандардың қолынан табылды. Солармен қатар, ұлы ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздері өз алдына кітап болып неше дүркін басылым беттерін табылды.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен «Қиын Заман» романы араб қарпімен басылды. Сонымен қатар, «Қазақ солдаты», «Қарағанды», «Ботагөз» романдары әдеби және мәдени өмірге үлкен әсер еткенін атап өтүте болады.

Сонымен қатар, Ақыт, Көдек, Әсет, Таңжарық, Жүсіпбекқожаның өлеңдері көп жылдар бойы халықты рухани аштықтан құтқарып, тіпті халықты азат етуге алып келді, том-том болып (тіпті коммунистік сұзғы арқылы), оқырманның қолдарынан табылды, халықты азат етудің символына айналды.

Соңғы жылдары әдебиет қосынына Омарғазы ағаларының сонынан ерген жүздеген талантты ақындар қосылды. Олардың рухани

өсүі бұрынғыдан да тез жүрді және де тұғыры өте биік болып есептеледі. Себебі бұл үрпақ ерте жастан қытай әдебиеті мен әлемдік әдебиеттен сүсындағы. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейхан, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты Алаш арыстарының әдеби мұраларын, халықтың

байырғы рухани мұрасымен еркін сүсындағы өскен үрпақ

Қысқасы, Қытайдағы ағайындарды жаһандану заманында тек бір ғана қуатты да күдіретті күш құтқара алады деп пайымдауга толық негіз бар, ол болса - Алаш азаттық идеясы.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Алаш зияллылары және ұлт тілі [Электрон.ресурс]. - 2016. -URL: <https://tilalemi.kz/article/88> (қарастырылған күні: 10.03.2021).
- 2 Саяқбаева Г.А. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап базасы ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы, Қазақстан, 2019, - Б. 285.
- 3 Күнес тарихи материалдары. Әлманақ. (№1). - Құлжа, 1992. - 338 б.
- 4 Линь Пин. 20 Шицзи Жун-го уен-сүе / Линь Пин.- Шанхай: Санълян, 2004. - 510 б.
- 5 Кіршібаев А. 4-май қозғалысынан еліміз азат болғанға дейінгі қазақ әдебиетінің жайы - 1987.
- Б. 7.
- 6 Тышқанбаев Б. Аманат / Б. Тышқанбаев. - Алматы: Санат, 1998. - 223 б.
- 7 Синь-Цзиян цзияньши. III т. -Урумчи: Жэнминь, 1998. - 352 б.
- 8 Нұргали Р. Әуезов және Алаш / Р. Нұргали. - Алматы: Санат, 1997. - 422 б.

**D. Massimkhanuly<sup>1</sup>, A. Abidenkyzy<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

### The spread of the national idea of Alash among the Kazakhs of East Turkestan

**Abstract.** The ideas of Alash are the spiritual value of the Kazakh people, which determine the development priorities of our state and historical policy. The formation of the USSR and the subsequent totalitarian vector of development conditioned the persecution and exilement of the Alash national intelligentsia. As the result of the repressive policy the majority of the best sons of Kazakh nation were arrested, shot, exiled to camps and forced to flee abroad. There in a foreign land, including in the territory of Xinjiang in China, they continued to spread the progressive ideas of Alash. The authors believe that the ideas of Alash played a role in the creation of the independent Republic of East Turkestan, which existed for five years (1944-1949).

The authors examine in the prism of historical events the evolution of Alash ideas since the emergence of its leaders on the territory of East Turkestan, as well as the impact of Alash ideology on the scale of the national liberation struggle. The content of the article demonstrates the main publicity channels which played a particular role in the spread of the Alash idea. Firstly, it is the information obtained from Kazakh, Saryarka newspapers and letters from Aykap magazine. Secondly, these were the Alash emigrants themselves, who were active in spreading the idea of independence in the emigrant community. Third are the new generation, the followers of Alash, who grew up on Alash ideology, poets and writers.

The authors show that, as a result of the ideology created by the PRC in 1949, all non-ethnic dissent was banished.

**Keywords:** USSR, Kazakhstan, China, East Turkestan, Alash, idea, emigrants, literature.

Д. Масимханұлы<sup>1</sup>, А. Абиденкызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт востоковедения им.Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

## Идеи Алаш в истории Восточного Туркестана

**Аннотация.** Идеи Алаш – являются духовной ценностью казахского народа, определяющих приоритеты развития нашего государства и исторической политики. Образование СССР и последующий тоталитарный вектор развития, обусловил преследования и гонения национальной интеллигенции Алаш. В результате репрессивной политики большинство лучших сыновей казахского народа подверглись аресту, были расстреляны или сосланы в лагеря, были вынуждены бежать за пределы родины. Там на чужбине, в том числе на территории Синьцзяна в Китае они продолжили распространять прогрессивные идеи Алаш. Полагаем, что идеи Алаш сыграли роль в создании независимой Республики Восточный Туркестан, просуществовавшей в течение пяти лет (1944-1949).

Авторы рассматривают в призме исторических событий эволюцию идей Алаш с момента появления ее лидеров на территории Восточного Туркестана, а также влияние алашской идеологии на масштабы национально-освободительной борьбы. Содержание статьи демонстрирует основных публицистических канала, сыгравших особую роль в распространении алашской идеи. Во-первых, это – информация, полученная из газеты «Казах», «Сарыарка», письма из журнала «Айкап». Во-вторых, это непосредственно алашские эмигранты, активно распространяющие идеи независимости в эмигрантской среде. В-третьих, это новое поколение, последователи Алаш, выросшее на идеологии Алаш, поэты и писатели.

Авторы показывают, что в результате идеологии КНР, созданной в 1949 году, изгнала всякое иноэтническое инакомыслие.

**Ключевые слова:** СССР; Казахстан; Китай; Восточный Туркестан; Алаш; идея; эмигранты; литература.

## References

- 1 Alash zialylary jáne ult tili [Alash intellectuals and the national language], Available at: <https://tilalemi.kz/article/88> [in Kazakh] (accessed 10.03.2021).
- 2 Saïaqbaeva G.A. "Qazaq kitaby: Alash qairatkerleriniň kitap basý isiniň damýyna qosqan úlesi" atty halyqaralyq ýylym-tájiribelik konferensia materialdary [materials of the international scientific and practical conference "Kazakh book: contribution of Alash figures to the development of book publishing"], Almaty, 2019, P. 285, [in Kazakh].
- 3 Kunes tarihi materialdary. Álmanaq [historical materials of The Kunes] (Kulja, 1992, 338 p.), [in Kazakh].
- 4 Lin Ping. 20 Shiji Jun-guo uen-sue (Sanliang, Shanghai, 2004, 510 p.), [in Chinese].
- 5 Kirshibaev A. 4-mai qozǵalysynan elimiz azat bolǵanǵa deiringi qazaq ádebietiniň jayı [4-the state of Kazakh literature from the May movement to the liberation of the country], 1987, P. 7., [in Kazakh].
- 6 Tyshqanbaev B. Amanat [Amanat] (Sanat, Almaty, 1998, 223 p.), [in Kazakh].
- 7 Sin-Szian szianshi. (Jenmin, Urumchi, 1998, Vol. 3, 352 p.), [in Chinese].
- 8 Nurǵalı R. Áýezov jáne Alash [Auezov and Alash] (Sanat, Almaty, 1997, 422 p.), [in Kazakh].

### Авторлар туралы ақпарат:

**Дүкен Мәсімханұлы** – Р.Б. Сулейменов ат.Шығыстану институты, профессор, филология ғылымда-рының докторы, Алматы, Қазақстан.

**Айнур Әбиденкызы** – Қытай филология кафедрасының доценті, филология факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Duken Massimkhanuly** – Professor, Doctor of Philology, R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

**Ainur Abidenkyzy** – Associate professor of the Department of Chinese philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.